$$\Delta J_{10}^2 = \frac{16,6 - 8,3}{8,3} = 1$$

$$\Delta J_{10}^3 = \frac{9,5 - 8,3}{8,3} = 0,145$$

Жүйенің үш түрін салыстырғанда әр жүйенің оң көрсеткіштерін пайдаландым. төмендегі ауытқу жасап көрсеткіштердің саны 30 болады екен. Осы ауытқу 30 көрсеткіштердің матрицасын тіземіз.

	0	-0,4	-0,82
	0	0,22	0,5
	0	0	-0,04
	0	0	2,1
	0	0	-0,17
$\Delta J_i^j =$	1,37	0	0,5

0,085	0	0,27
0	0,07	0,152
0	-	-0,25
	0,014	
0	1,0	0,145

Аудан матрицасында келтірілген мөлшерді пайдаланып қазу жүйесінің ең төменгі вектор мөлшерін табамыз,

$$R_1 = \sqrt{(\Delta J_1^1)^2 + (\Delta J_2^1)^2 + \dots + (\Delta J_i^j)^2 + \dots + (\Delta J_n^i)^2} \rightarrow ETT, \quad (3.9)$$

Бірінші қазу жүйесі

$$R_1 = \sqrt{(1,37)^2 + (0,85)^2} = 1,37$$

Екінші қазу жүйесі

$$R_2 = \sqrt{(0,4)^2 + (-0,22)^2 + (0,07)^2 + (-0,02)^2 + (-1)^2} = 1,102$$

Үшінші қазу жүйесі

$$R_2 = \sqrt{(0,82)^2 + (0,5)^2 + (0,04)^2 + (2,1)^2 + (0,2)^2 + (0,5)^2 + (0,27)^2 + (0,15)^2 + (-0,3)^2 + (0,14)^2} = 2,4$$

Вектордың ең төменгі мөлшері, жобалап отырған Ақбақай кен орны бойынша бірінші қазу жүйесі, яғни "Блокта қоймалап қазу жүйесі" ең пайдалы, жоғары өнімді оңтайлы және тиімді екенін көрсетті.

3.2 Қазу жүйенің мәні

Жүйенің мәні: жазық кен сілемдері бір бірімен созылым бойынша не құлау бағытында паралель орналасқан дұрыс пішінді кен үңгірлерде кені теспелермен уатылып, оны кен құдығына дейін өзіжүргі жабдықтармен жеткізіледі, ал егер кен қалын болса кемерлеп қазылады. Кенүңгірлер бір бірімен таспалық немесе жүйелі түрде қалдырылатын цилиндрлі кентіректермен бөлінеді. Тау қысымы ашық қазымкеңістікті тәсілмен басқарылады, қарнақты бетон бекітпелермен ұсталынады.

Даярлау – жазық кен сілемдерін даярлауға екі тәсіл қолданылады: далалық және кеніштік қуақаздармен немесе тек кеніштік қуақаздармен.

4 Арнайы бөлім. Кеннің өз салмағымен тасымалдау процесі

Академик Ө.А. Байқоңыров кен орындарының жерасты қазу жүйесінің әдістерін таңдауды және жіктелуін жасай отырып мына жағдайды айтып көрсеткен еді. "Табиғатта әртүрлі жіктелу топтарының арасындағы шекарада көптеген өтпелі формалар болады. Сондықтан жіктеу жүйесінде белгілі бір заттың орнын анықтайтын ерекше белгісін бөліп көрсету үшін жіктелетін заттарды мұхият талдау қажет".

Осыған байланысты құлау бұрышы бойынша кен орындарының жіктелуін талдап шығу қажет, бұл жерде "жіктелу" сөзі [1] жұмысында пайдаланылған.

Мысалы, кен орындары (кен денесі) жату элементтері бойынша жіктеледі:

Құлау бұрышы бойынша

- жайпақ – 0° - 20°

- көлбеу - 20° - 50°

- күртқұлама- 50° артық

Автордың [2] жұмысында жату бұрышы бойынша кен сілемі былай бөлінеді:

- күртқұлама- құлау бұрышы 45° - 50° жоғары.

Автордың [3] жұмысында жату бұрышы бойынша кен сілемі былай бөлінеді:

- күртқұлама- құлау бұрышы 45° - 50° артық; осы жағдайда кен сілемін құлау бойынша қабаттарға бөлінеді; уатылған кен өзінің салмағы әсерімен жатпа бүйірімен сырғып түсуі мүмкін;

- көлбеу- құлау бұрышы 20° - 25° - тан 45° - 50° дейін. Мұнда да құлау бойынша қабаттарға бөлініп қазылады, бірақ айырмашылығы жатпа бүйірдің еңісі кеннің өз салмағымен сырғып түсуіне жеткіліксіз болып табылады;

- жазық – құлау бұрышы шамамен 3° дейін, бұл кен сілемінің табаны бойынша релісті тасылымды қолдануға мүмкіндік береді.

- жайпақ- құлау бұрышы 20° - 25° дейін, олардың айырмашылығы оларды құлау бойынша қабаттарға бөлмей қазып алынады;

Автор [4] жұмысында кен орындарының құлау бұрышы бойынша жазық және жайпақ деп 0° тан 30° қа дейін деп бөледі, көлбеу – құлау бұрышы 20° тен 45° қа дейін және құлау бұрышы 45° артық болатын тік құламалы түлерге бөледі.

Бұл бөлінулер қазып алу жағдайының едәуір өзгеруімен және әртүрлі құлау бұрышы кезінде әртүрлі тазалап қазып алу тәсілдерін қолданумен байланысты.

Автор [5] кенді блоктарда қоймалап қазу жүйесін қарастыра отырып былай жазады: "Қолдану жағдайы. Жүйені кені тұрақты және өте тұрақты бүйірлік жыныстары бар қалыңдығы жұқа ($0,6$ - $0,3$ м) күртқұлама кен сілемін қазып алу кезінде қолданылады".

Ө.А. Байқоңыров өзінің [2] жұмысында "Кез-келген терминді немесе түсінікті атау кезінде басты назарды олардың дәлдігіне бөлу қажет" деп жазады.

Осыған байланысты атап өту керек, кен денесінің қандай бұрыштан бастап яғни 45^0 - 50^0 немесе 55^0 бастап күртқұлама деп санауды анықтау қажет. Біздіңше бұл сұраққа қазіргі таңда нақты және дәл жауап жоқ. Сондықтан кен орындарын күртқұлама деп қандай белгісі бойынша айту қажет.

Келтірілген барлық жұмыстардың ішінен жалғыз жұмыста [2], уатылған кен өз салмақ әсерімен жатпа бүйір бойынша сырғып түсуі мүмкін деп айтып көрсетеді.

Осыдан шығатын қорытынды кен орындарын күртқұлама тобына жатқызудың жалғыз белгісі, бұл кен өз салмақ әсерімен қазба табаны бойынша төмен қарай сырғып түсуі. Ары қарай көлбеу құламалы бұрыштан күртқұлама бұрышқа өту кезінде кен денесін күртқұлама деп атау үшін, уатылған кен камера табаны бойынша қашан және қалай қозғалу керек деген сұрақ туындайды. Сондықтан да кен денесінің ылдилық бұрышы күртқұлама ма, жоқ па анықтау үшін басқа жанама белгілер ескеріліп айтылуы керек.

Академик Ө.А. Байқоңыровтың қандай да бір заттың жіктелу жүйесіндегі орнын анықтайтын ең маңызды белгілерін бөліп көрсету үшін жіктелетін заттарды мұхият талдау қажеттілігі туралы айтқанын ескере отырып, біз алдымызға мынадай мәселелерді қойдық:

- күртқұлама қалыңдығы жұқа кен сілемдерін қазып алу жағдайында кен кесектерінің өлшемдері оларды шығару қалай әсер етеді;
- тазартыс камераларының төбелерін басқаруға, сол сияқты кенді уатуға және шығаруға әсер ететін қандай процестер жүріп отырады;
- қалыңдығы жұқа кен денелері үшін қандай құлау бұрышынан бастап, оларды күртқұлама деп атауға болатынын анықтау.

Сонымен алынған нәтижелер негізінде қалыңдығы жұқа және өте жұқа кен сілемдерін қазып алуда, құлау бұрышы бойынша оларды жіктеу жүйесінде маңызды белгілерді айқындап білуге болады.

Осыған байланысты біздің зерттеуіміздің мақсаты кеннің қазба табаны бойынша төмен қарай сырғып түсу мүмкіндігін анықтау болып табылады, яғни кен денесінің еңкіштік бұрышының дәл шамасын және осы бұрыш бойынша кен өзінің салмағы әсерімен төмен қарай сырғып түсетінін немесе түспейтінін және олардың себептерін анықтау қажеттілігі туындайды.


Біз, бұл жұмысымызда академик Ө.А. Байқоңыровтың [2] осы айтқан сөзіне көңіл бөлуіміздің себебі, кен орнын қазып алу кезінде, 3-4 жылдан кейін жер бетіне берілмей жер астында қалдық түрінде кен қалып қойған. Осыдан неге жер астында осынша кен мөлшері (шамамен 35%) жер бетіне көтерілмеді деген сұрақ туындайды.

Уатылған кен көбінесе бүкіл еңіс ұзындығы бойынша тазалау камерасында жатып қалады. Шығару дучкаларында жиі кептелістер пайда болды, мұндай кептелістерді жойғаннан кейін де, кен кептеліс жойылған орынға жоғарыдан сырғып түспейтін кездер жиі қайталанып отырғанын көрсетіп берді.

Эксперименттік жұмыс жағдайында тазалау камерасындағы уатылған кеннің қозғалысын бақылау нәтижесі (1-суретте) көрсетілген.

Біздің жүргізген эксперименттер нәтижесі мынаны көрсетті. Кен денесінің әртүрлі құлау бұрышында тазалау камерасынан кенді шығарғанда кен сілемінің құлау бұрышына байланысты кен құдықтан жоғары пайда болатын аудандардың шамасы 40° және 56° кезінде өте аз, ал $45-50^{\circ}$ кезінде өте үлкен болды. Яғни 40 және 56 градустарда олар $31-36 \text{ м}^2$, ал $45-50$ градуста $44-46 \text{ м}^2$ құрады (2-сурет).

Бұл мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Кен денесінің құлау бұрыштары $45-50^{\circ}$ болған кезде кептелісті жою, құлау бұрыш 55 градустағы кездегімен салыстырғанда үлкен қауіп төндіреді. Өндіріс жағдайында мұндай оқиғалар дучкаларда кен кесектерін жою кезінде болып тұрады.



Сурет 4.1-Кеннің құлау бұрышы 40° тең жағдайда бірінші кен түсірімде пайда болған ойма (кеннің өлшемі $-2,5+1,25$)

Осыған байланысты «Түсті, сирек кездесетін және бағалы металл кен орындарын қазатын кеніштерді, приискілерді және шахталарды техникалық пайдалану ережелері» [1] бойынша қоймаланған кен бетінен массивке дейінгі ең үлкен қашықтықты қолданылатын жабдықтарға, тазалау кеңістігін бақылау құралдарына және бұрғылап аттыру жұмыстарының параметрлеріне байланысты анықтау керек. Шпурларды бұрғылау ұзындығы $3,5 \text{ м}$ кем емес траппен жүзеге асырылуы керек. Екінші жағынан, жоғардағы әдебиетте былай делінген, тұрақты немесе орнықты кен немесе тау жынысы деп бекітпесіз жалаңаш 600 м^2 дейін рұқсат етілетіндерді айтады. Ұзақ тұру кезінде тек кейбір әлсіз жерлерді бекіту қажет.

Уатылған кеннің төбесі мен табанны кенжарда әртүрлі қашықтықта жатқандықтан кен денесінің құлау бұрышы $42-47^{\circ}$ болған кезде кеннің тазалау

камерасының төбесін ұстап тұрудағы қосалқы ролі керек болмай қалуы мүмкін бұл біріншіден, екіншіден [6] кенді қоймалап қазу жүйесі кезінде қазба төбесі мен уатылған кен арақашықтығы 2,5 м аспауы керек, ал бұл жағдайда бұл арақашықтық 6 және 12-14м дейін жетіп жығылады. Сонда уатылған кенмен қазба төбесін тіреудің жоқтығын ескермей пайда болған аудан, блоктың ені 40 м болған кезде $14 \times 40 = 560 \text{ м}^2$ құрайды. Бұл жағдайда блоктың бүкіл ені тазалау блогының жалаңаштанған бетінің есебі үшін ескеріледі, себебі уатылған кен қазба төбесіне ешқандай тірек болып тұрған жоқ (жалаңаштанған бетті анықтау үшін тазалау камерасының бүкіл ауданын ескереу қажеттілігін құрал-саймандар арқылы немесе аналитикалық жолмен дәлелдеу керек).

Осыдан басқа $42-50^\circ$ кезінде кенжар төбесінің ауданы болып, құлау бұрыштары $60-70^\circ$ болатын кездегідей кеннің қалыңдығы емес, оның төнбе бүйір болып табылады.

Егер, кен денесінің құлау бұрышының азаюы кезінде камераның төнбе бүйіріне түсетін жүктеменің артуын ескерсек, камераның төбесі мұндай жүктемені ұстап тұра алмауы мүмкін, ал бұл өз кезегінде олардың опырылып құлауының потенциалды қауіптілігін тудырады.

Кен денесінің әртүрлі бұрышта құлау бұрыштарында және уатылған кен массасының кесектерінің орташа өлшемдері кезінде шығару воронкасы жағына қарай кен массасының жоғарғы қабаттардан бастап қабаттармен қозғалысы жүретіні эксперимент жолымен анықталған. 1-суретте кен денесінің құлау бұрышына байланысты шығару воронкасы алдында әртүрлі бұрышы мен ұзындығы бар шығару воронкасы пайда болатын уатылған кен массасының жоғарғы бөлігінің А нүктесінен А₁ нүктесіне дейін қозғалып жүруі көрсетілген. Атап көрсету керек осындай құбылыс, яғни $54^\circ-55^\circ$ бұрыштар кезінде шығару тесігі алдында воронка мүлдем болмайды.

Камерадағы уатылған кеннің құлау бұрышын, яғни кеннің кенқұдыққа түсу мүмкіндігін мына формуладан анықтау керек екендігі анықталды:

$$\alpha_{\text{ғын}} = 5,88 - 0,004 \cdot d_k + 1,0214 \cdot \alpha_{p.m.}, \text{ градус}, \quad (4.1)$$


мұндағы $\alpha_{\text{ғын}}$ – уатылған кенді оймаға түсуге мүмкіндік тудыратын бұрыш, градус;

$\alpha_{p.m.}$ – кеннің жату бұрышы, градус. $40^\circ \leq \alpha \leq 56^\circ$;

d_k - уатылған кеннің орташа диаметрі, мм. $210 \text{ мм} \leq d_k \leq 550 \text{ мм}$.

Детерминациялық коэффициент 0,93-ке тең.

Қумалардың алдында пайда болатын оймалардың аудандарының кеннің жату бұрышына байланысы 2-ші суретте келтірілген.



1- уатылған кен кестерінің орташа диаметрі 210мм болғанда ойманың ауданы $S = -0,182 \cdot \alpha^2 + 17,335 \cdot \alpha - 366,97$ аппроксимацияның мөлшері $R^2 = 0,83$ -ке тең

2- уатылған кен кестерінің орташа диаметрі 375мм болғанда ойманың ауданы $S = -0,1464 \cdot \alpha^2 + 14,064 \cdot \alpha - 295,69$ аппроксимацияның мөлшері $R^2 = 0,98$ -ге тең

3- уатылған кен кестерінің орташа диаметрі 550мм болғанда ойманың ауданы $S = -0,1342 \cdot \alpha^2 + 12,915 \cdot \alpha - 270,38$ аппроксимацияның мөлшері $R^2 = 0,98$ -ге тең

S -ойма ауданы, м²; α -кеннің құлау бұрышы, градус; R - аппроксимация мөлшері.

Сурет 4.2- Қумалардың алдында пайда болатын оймалардың аудандарының уатылған кеннің диаметрі мен кеннің құлау бұрышына байланысы

Сонымен, 55-56⁰ бұрыштардан бастап тазалау кеңістігінің төбесі кен денесінің қалыңдығы болып табылады (кенжардың төбесі мен табаны сәйкесінше кен денесінің төнбе және жатпа бүйірі) шығару тесігінің алдында воронканың (бос кеңістіктің) пайда болуы болмайды, шығару кезінде уатылған кен массасының төбеге тіректік күшін сақтай отырып кен денесінің бүкіл қалыңдығы бойынша кен массасының бір уақытта қозғалысы жүреді. Осыған байланысты біз күртқұлама кен денесі деп құлау бұрышы 55-56⁰ басталатын кен денелерін айтамыз.

Құлау бұрышы 55-56⁰ төмен кен денелерінде уатылған кеннің тіректік күшін жоятын қоймаланған кеннің жоғарғы бөлігінің қозғалысы өтеді, шығару тесігінің үстінде ауданы 45-46 м² дейін жететін бос кеңістік пайда болады, ал тазалау кеңістігінде 500-560 м² дейін жететін және одан үлкен аудан пайда болады. Мұндай жағдай блоктың ені 40 м болған кезде төбенің опырылып құлау қаупін тудырады. Сондықтан мұндай кен денелерін басқа қазу

жүйелерімен қазып алынуы керек, мысалы жүйелі кентіректері бар камералы-діңгекті қазу жүйесімен немесе тұтас қазу жүйесімен. Осы екі қазу жүйесі кезінде шпурлы аттыруда уатылған кеннің бастапқы қозғалыс жылдамдығы есебінен көлбеу бетпен кен кен шығару воронкасына жеткізіледі.

Сөйтіп, кен денелерін күртқұлама деп атау үшін қосымша белгілер болып мыналар жатады:

- камера төбесін қосымша ұстап тұру үшін тіректік күш әсерін қамтамасыз ететін кен денесінің бүкіл қалыңдығы бойынша уатылған кен массасының камерадағы бір уақытта қазғалысы;

- тазалау камерасының төбесінің жалаңаштану ені кен денелерінің қалыңдығына тең болуы;

- кенді шығару кезінде тазалау камерасындағы уатылған кеннің жоғарғы бөлігінің қозғалысы нәтижесінде байқалатын, камера төбесіндегі қосымша жалаңаштану ауданының (500-560 м² дейін) пайда болуын жою;

- шығару воронкасынан жоғардағы қосымша жалаңаштану жазықтығының пайда болуын жою.

Сәйкесінше, кенді ысырмалаумен байланысты процестер немесе атылыс болмай қалуды жою жұмыстары жүргізілетін дучкадағы пайда болған воронкалардан тау жынысы кесектерінің құлауы жойылады, яғни қорыта айтқанда адамның жарақат алу мүмкіндігі төмендейді.

5 Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары

Жер бетінің бас жоспарын құру, ықшам негізінде шешіледі. Өндірістік ғимараттар және құрыластар, дәлірек айтқанда сәйкес шаруашылықтар ірі блоктарға анықталады. Осылай АБК әкімшілік – тұрмыстық жайды, шырақ жайда және т.б. біріктіреді. Өндірістік – механикалық шеберханаларда орталық перфораторлық шеберханасы орналасқан.

Кеніш территориясының сипаты бойынша, біртекті өндірістер, ғимараттар және құрылыстардың топтары енгізілген аймақтарға бөлінген. Мысалға: шеберханалар тобы, қоймалар тобы, АБК тобы, асхана.

Мұндай жоспарлау ішкі көлікті жақсы пайдалануды қамтамасыздандырады. Өндірістік аймақтан таза аймақты бөлу арқасында, қолайлы еңбек жағдайын туғызады.

Біқ жағынан кеніштің қалған территориясына қатысты өндірістік – механикалық шеберханалар, қоймалар, эстакадалар және басқалары орналасады.

Шу мен шаң активті бөлінетін өнеркәсіптік және таза аймақтар арасында, аралығы 40 – 50м жасыл жолақтарды отырғызу қарастырылады. Ғимараттар бөлмелерінің табиғи жарықтануының санитарлық талаптары сақталатындай, желдің бас бағыты және жарық жағына қатысты реттелген. Өндірістік алаңындағы ғимараттар, желдің бас бағыты ғимарат қабырғаларының бұрышына немесе қабырға бойына бағытталады бөлек қатарларымен орналасуы тиіс. Барлық өндірістік ғимараттар және құрылыстар мен қоймалар арасындағы қатынастарды қамтамасыз ету үшін, бір уақытта өртке қарсы аралық функцияларын орындайтын автожолдар орналасады.

Өндірістік алаңның кешеніне келесі ғимараттар мен құрылыстар кіреді:

1)Бас оқпан блогы: көп арқанды көтергісі бар мұнаралы копер, кен мен тау жыныстары үшін қабылдағыш шанап, тиегіш шанап, қазандық;

2)Көмекші оқпан блогы: калориферлі, компрессорлы, жөндеу шеберханаларының ғимараттары;

3)Көмекші оқпан блогына өтетін әкімшілік – тұрмыстық комбинат;

4)Цемент қоймасы;

5)Ж.З қоймасы;

6)Жабдықтар қоймасы;

7)ППМ қоймасы;

8)Электростанция;

9)Көліктік басқару;

10)Су резервуары.

Әкімшілік – тұрмыстық комбинатының жалпы алаңы, көбіне көпсанды ауысымдағы бір жұмысшыға санитарлық – тұрмыстық бөлмелерді ескере отырып анықталған. (Бір адамға орташа есеппен – 3.77 м^2).

6 Еңбекті қорғау

6.1 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар сараптамасы

Кен орнын өндіру жұмыстары кезінде, келесідей қауіп – қатерлі және зиянды өндірістік факторлары әсер етеді, яғни қауіп – қатерлі өндіріс факторлары: электр тогы, механизмдер мен машиналардың қауіпті аймағы, тиеу және тасымалдау, аттырып жару жұмыстары кезіндегі қауіп – қатерлер, тау – жыныстарының құлауы және т.б.

Зиянды өндірістік факторлар: кеніштік аэрология – шаң, тозаң, газ, дiрiл, шу; ауа райының аз жағдайлары және басқа да атмосфералық құбылыстардың қолайсыз жағдайлары; жеткіліксіз түрде жарықтандыру, сапасыз сумен қамтамасыз ету.

Жоба нұсқасында, кенішке түсетін және шыққан адамдардың дәл есебі және еңбек қауіпсіздігінің шаралары толық түрде қаралады. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігінің дәл деңгейде жүруін, арнайы яғни бақылаушы мемлекеттік бір орынға қарайтын мекемелерінің мамандары жүргізеді.

Барлық сәтсіз оқиғалар, яғни өндірісте жұмыс барысы кезінде жұмысшы бір күннен аса жұмысқа қабілеттілігін жоғалтса, онда бұл жағдай міндетті түрде тіркеленіп немесе қаралып тергеледі.

Тергелу жұмысының мақсаты – ол сәтсіз жағдайдың себеп – салдарын тексеріп, айқындау және соған байланысты тиісті шаралар қолдану, яғни келесіде ондай жағдай қайталанбайтындай етіп жасау керек.

6.2 Ұйымдастыру іс – шаралары

Еңбекті қорғау жағдайын және денсаулық күйі мен техника қауіпсіздігі барысын жақсарту кезінде, кеніште автокөлік және еңбекті механизацияландыру шаралары қарастырылған. Бұл тұрғыда сутөкпе және желдету қондырғыларын дистанционды түрде ретке келтіру және компрессор станциясының жұмысын, әртүрлі жерасты қондырғыларын аталмыш реттеу кеңінен таралым алған. Тау – кен жұмыстарын атылғыш затпен және жару құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында қабаттарда атылған зат қоймасы негізделеді. Сонымен қатар бұл қоймалардан бөлек атылғыш затты сақтау камералары және электродетонаторларды тексеріп, дайындау камералары жабдықталады.

Атылғыш заттар қоймасы, тасымалдау қазбасынан 25м. қашықтықта орналасады және де басқа қазбалармен өзара тік бұрыш болып қосылады да тұйыққа тіреледі. Қойма екі шығу жолдарымен қамтамасыз етілген және де желдету ерекше ауа ағымы арқылы жүреді. Атылғыш зат қоймасында өртке қарсы құрылғылар, ішке ашылатын есіктер қойылады. Әр камераға қарама – қарсы қалыпта өрт сөндіргіштер, ішінде құмы бар жәшіктер қойылады. Барлық жерасты жұмысшылары арнайы жеке жарық көзімен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар жоба нұсқасында кеніштің әр қанатында газдан сақтанатын

қорғаныш баспаналары қаралған, оның екі блогында CO_2 газын жұтатын аспап құрылғысымен қысылған оттегі бар.

Тау – кен қазбаларын жүргізу және бекіту жұмыстары, тікелей паспортқа қатысты жүргізіледі. Оны кеніштің бас инженері бекітеді.

Жұмысшылар мен техникалық барлау мамандары, жұмыс жүргізу паспортымен толық танысуы керек. Бекітілмеген паспортпен жұмыс жүргізуге тиым салынады. Көлбеу немесе тік оқпанды желдету барысында, жұмыс жасайтын жұмысшылар қорғаныш белдіктерімен және су өтпейтін киіммен қамтамасыз етіледі. Тау – кен жұмыстары жасалып жатқан жерде, сол кенүңгірдегі өндіріс жұмыстары болып жатқан белгі қойылады.

Қауіпті қазбаларда, тиісті жазуы бар маңдайшаларды іледі. Барлық кен түсіргіштер мен өрлемеоер уақытша жабылады. Жүк тасымалдау қазбаларында ені 700мм, биіктігі 1800мм. болатын арнайы жол қалдырылады. Электр тогының әсерінен зақымдануынан сақтану шаралары келесідей: қос оқшаулау және қорғанышты жерге қосу арқылы іске асырылған. Жұмыс істеп жатқан қазбалардағы судың бұзып – жарып өтуінен сақтандыру мақсатында, судың көп болатын бөліктерінде су – камералы есіктер қарастырылады. Оларды әрдайым тексеріп, жұмысқа жарамдылығы туралы мәлімет алынып отырады. Жер бетінде, яғни үйінді маңында ешқандай қазан шұңқырлар, су жинауға қазылған шұңқырлар болмауы тиіс.

Құрғақ қазбаларда жерге қосқыштар ретінде диаметрі 30мм, ұзындығы 1,5м. болат құбырларын қолданады. Құбыр қабырғаларында диаметрі 5мм, 20 тесік болуы керек.

Құбыр негізінен 1,4м – ден кем болмайтындай етіп орналасады. Шпур үнемі дымқылданып тұруы қажет.

6.3 Техникалық іс – шаралар

Жұмысшылар мен техникалық барлау мамандары, жұмыс жүргізу паспортымен толық танысуы керек. Бекітілмеген паспортпен жұмыс жүргізуге тиым салынады. Көлбеу немесе тік оқпанды желдету барысында, жұмыс жасайтын жұмысшылар қорғаныш белдіктерімен және су өтпейтін киіммен қамтамасыз етіледі. Тау – кен жұмыстары жасалып жатқан жерде, сол кенүңгірдегі өндіріс жұмыстары болып жатқан белгі қойылады.

6.4 Электрқауыпсіздігін қамтамасыз ету

Қауіпті қазбаларда, тиісті жазуы бар маңдайшаларды іледі. Барлық кен түсіргіштер мен өрлемеоер уақытша жабылады. Жүк тасымалдау қазбаларында ені 700мм, биіктігі 1800мм. болатын арнайы жол қалдырылады. Электр тогының әсерінен зақымдануынан сақтану шаралары келесідей: қос оқшаулау және қорғанышты жерге қосу арқылы іске асырылған. Жұмыс істеп жатқан қазбалардағы судың бұзып – жарып өтуінен сақтандыру мақсатында, судың көп болатын бөліктерінде су – камералы есіктер қарастырылады. Оларды әрдайым

тексеріп, жұмысқа жарамдылығы туралы мәлімет алынып отырады. Жер бетінде, яғни үйінді маңында ешқандай қазан шұңқырлар, су жинауға қазылған шұңқырлар болмауы тиіс

Су жинағыштар мен зумпфтардағы жерге қосқыштар ретінде, ауданы $0,75\text{м}^2$ - тан кем болмайтын, қалыңдығы 5мм, болат табақшалары қолданылады. Жаңадан қондырылатын жерге қосқыштар үшін, әр электродтың ұзындығы 2,5м – ден кем болмауы тиіс. Пайдаланатын материал ретінде, қазан құятын темір пайдаланады, себебі кеніш суларына өте төзімді.

Штректердегі сулар ағатын арықшаларда, жерге қосқыш ретінде ауданы $0,6\text{м}^2$, қалыңдығы 3мм. болатын болат белдеулер қолданылады. Жаңа қондырылатын жерге қосқыштар үшін, белдеу ұзындығы 2,5см. болуы керек.

Ақтөбе кенорнын жер асты әдісімен өндіру кезінде, келесідей қауіпті және зиянды факторлар әсер етеді: электр тогы, механизмдер мен машиналардың қауіпті аймағы, тасымалдау және де т.б.

Су жинағыштар мен зумпфтардағы жерге қосқыштар ретінде, ауданы $0,75\text{м}^2$ - тан кем болмайтын, қалыңдығы 5мм, болат табақшалары қолданылады. Жаңадан қондырылатын жерге қосқыштар үшін, әр электродтың ұзындығы 2,5м – ден кем болмауы тиіс. Пайдаланатын материал ретінде, қазан құятын темір пайдаланады, себебі кеніш суларына өте төзімді.

Штректердегі сулар ағатын арықшаларда, жерге қосқыш ретінде ауданы $0,6\text{м}^2$, қалыңдығы 3мм. болатын болат белдеулер қолданылады. Жаңа қондырылатын жерге қосқыштар үшін, белдеу ұзындығы 2,5 см. болуы керек.

Ақбақай кенорнын жер асты әдісімен өндіру кезінде, келесідей қауіпті және зиянды факторлар әсер етеді: электр тогы, механизмдер мен машиналардың қауіпті аймағы, тасымалдау және де т.б.

6.5 Метеорологиялық шарттарды қамтамасыз ету

Қыс мезгілінде кенішке берілетін ауа калорифермен $t=20^{\circ}\text{C}$ – қа дейін жылытылады. Әкімшілік тұрмысты комбинат, кеніш үстіндегі ғимараттың жанында орналасқан. Жұмысшылар жұмыс киімінен бөлек, жылы киімдерімен толық қамтамасыздандырылған. Оқпан албарының әр қабатында клетті тосып тұру үшін, жұмысшыларға арнайы күту камералары орналастырылған. Санитарлық тұрмыстық жайы, жуынатын бөлмеден, киініп шешіну бөлмесінен, демалыс орнынан тұрады.

Киініп – шешіну бөлмесінде келтіргіш құрылғылары бар, онда ыстық ағымды ауа жіберіліп отырады. Әр апта сайын кеншілердің жұмыс киімдері жуылып отырады. Медицина қызметкерлері санитарлық және сақтандырғыш мақсатында жұмыскерлерге бұлақ суын немесе газдандырылған ауыз суын береді. Барлық жерастындағы жұмыскерлерге қолынан келгендерінше, басшылар ауыз су құятын құтымен қамтамасыз етеді.

Адамдар көп жиналған жерлерде, медициналық бөлімшелер құрылады және арнайы дәрі – дәрмек қорабшасы беріледі.

7 Экономикалық бөлім

7.1 Кеніштің жұмыс істеу режимі

Жұмыс күнін алты күндік деп алатын болсақ, кеніштің жылдық жұмыс тәртібі үзілмелі болады.

Бір жылдағы жұмыс күндер саны

$$N_{ЖУМ} = N - (N_{ДЕМ} + N_{МЕЙР}), \quad (7.1)$$

мұнда N – бір жылдағы күндер саны, күн;

$N_{ДЕМ}$ – демалыс күндерінің саны, күн;

$N_{МЕЙР}$ – бір жылдағы мейрам күндерінің саны, күн.

$$N_{ЖУМ} = 365 - (52 - 12) \approx 300 \text{ күн}$$

Жерасты жұмысшыларының ауысым ұзақтығы 6 сағат, жерүсті жұмысшыларында 8 сағат.

Тәуліктік ауысым саны 3 – ке тең.

Жерасты жұмысшыларының жұмыс аптасының ұзақтығы - 36сағат, жерүсті жұмысшылары үшін – 40 сағат.

7.2 Кенішті басқару және ұйымдастыру

Кеніш үздікті аптасына жұмыс күндері алты күн. Бір жылдағы жұмыс күндер саны 305 күн.

Тізімдік құрамның коэффициенті

$$K_{СП} = \frac{D_K - D_B - D_{ПР}}{D_{Р.ПР} - D_B - 0.04 \cdot D_{Р.ПР}}, \quad (7.2)$$

мұнда D_K – бір жылдағы календарлық күндер саны;

D_B – бір жылдағы демалыс күндерінің саны;

0,04 – коэффициент, жұмысшылардың себепті жағдайымен жұмысқа келмеуін ескеретін коэффициент.

$$K_{СП} = \frac{365 - 52 - 12}{365 - 52 - 12 - 40 - 0,04 \cdot 300} \approx 1,2$$



7.1 – сурет. Кенішті басқару сұлбасы

7.1 - кесте.

Тау – кен күрделі жұмыстары

Тау-кен қазбаларының атаулары	Қазбалардың жалпы көлемі, м ³	Бірлігінің Сметалық құны, тг*м	Жалпы сметалық құны, тг
Скиптік оқпан	300	270000	81000
Клеттік оқпан	300	270000	81000
Желдетпе оқпан	600	170000	102000
Оқпан албары	3200	1650	5280
Трансп. Қуақазы	2400	25080	60192
Тасымалдау қуақазы	4600	21450	98670
Желдетпе қуақазы	2400	21450	51480
Трансп. Қылуеті	200	25080	5016
Қосынды			556791
Ескерілмеген жұмыстар 20%			2783955
Барлығы			3340746

7.2 – кесте.

Құрылыс жұмыстарының құны

Ғимараттармен құрылыстардың аттары	Сыртқы көлемі	Көлемінің бірлігінің құны, тг	Жалпы сметалық құны, тг
ӘТК	209000	1400	292600000
Желдетпе қондырғы ғимараты	25000	1100	27500000
Подстанция	47500	1100	52250000
Асхана	50250	1150	57787500
Колорифер ғимараты	40000	1200	48000000
Кеніш үсті ғимараты	50000	1500	73000000
Котельная	57500	1100	63250000
Тазалау станциясы	8500	980	8330000
Вагондарды жөндеу	55000	1000	55000000
Темір жолдары	28000	2500	70000000
Тас жолдары	30000	2500	75000000
Барлығы			822717500

7.3 – кесте.

Электромеханикалық қондырғылардың құны

Қондырғылардың аты	Саны	Қондырғылардың баланстық құны, тг	Қондырғылардың жалпы құны, тг	Амортизац. Норм. %	Амортизацияның жылдық сомасы, тг
Автоматика	3	380000	1140000	15	171000
Құбырлар	6000	1023	4108000	10	410800
Қосынды:					1108300
Су төкпе:					
ЦНС 180-340	5	719300	3596500	20	863160
Құбырлар	1100	3564	3920400	12	470448
Энергоқызметі:					
ГРШЭ 3·95	1140	500	5703500	50	2851750
1. Газартпа жұмыстары:					
СБУ-2к	3	7740000	23220000	25	5805000
МоАЗ-6401	8	10320000	82560000	25	20640000
Сат-9821	3	5914000	17742000	20	3548400
Полок СП18	2	860000	1720000	25	430000
ПТ-45	2	218322	436644	25	109580
Қосынды:					30532980
2. Дайындық жұмыстары:					
СБУ-2м	4	7760000	31040000	25	7760000
ПНБ-3Д	3	12600000	37800000	25	9450000
МоАЗ-6401	4	10320000	41280000	25	10320000
Желдеткіш	3	600000	1800000	28	504000
Қосынды:					28034000
3. Жерасты көлігі:					
К-14 электровозы	7	1386000	9702000	17	1649340
ВГ-4,5 вагоны	91	158800	14450800	32	4624256
АТПШС	1	88500	88500	15	13275
Вагон төнкергіші	2	2260000	4520000	25	1134000
СЦБ	1	3200000	320000	25	80000
Рейсті жол	3600м	3600	12960000	10	1296000
Қосынды:					8792871
4. Көтеру:					
ЦШ 3,25·4	2	10100000	202000000	4	808000
ЦШ 2,25·4	1	7053000	7053000	4	282120
2Ц 6·2,8	2	17090000	34180000	4	1367200
Арқан	4000	3620	14480000	25	3620000
Скип	3	800000	2580000	50	1290000
Қосынды:					7584000
5. Компрессор шаруашылығы:					
50ТВП 130/200	3	1125000	3375000	10	337500

7.4 – кесте.

Көмекші жадығаттарға кететін шығын

Үдірістердің аталуы	Матер. Жалпы құны, тг
1. Тазартпа жұмыстары:	17017800
Қатты қорытпалар	27213000
Бұрғылау болаты	15048000
Жарылғыш заттар	4735500
ОШ	4735500
ДШ	6465000
Капсюльдер	2923200
Аттыру желісі	330750
Ағаш материалдар	2193450
ЖБШ штангалары	16632000
Дизель жанармайы	2386320
Электр энергиясы	44010000
Қысылған ауа	3294000
Өнеркәсіптік су	540000
Қосынды:	147649920
Басқа материалдар 10%	14764992
Барлығы	162414910
1т-ға барлығын қосқанда	108,6
2. Ұңғылау жұмыстары:	

7.5 – кесте.

Кеніштің ТЭК – ін келтіру

Көрсеткіштердің аталуы	Көрсеткіштердің мәні
Кеніштің жылдық өнімділігі	817916
Кеніштің қызмет мерзімі	52 жыл
Күрделі жұмсалымдар	2137 млн.тг
Меншіктік капитал жұмсалымдары	144
Кеніштің тәуліктік өнімділігі	1640т/тәул
Еңбекшілердің тізімдік саны	415
Бір жылдағы жұмыс күндері	305
Кенжар жұмысшысының өнімділігі	90т/тәул
Товар өнімінің құны	3360 млн.тг
Еңбекті төлемдер қоры	163,3 млн.тг
Материалды шығындар	475,7 млн.тг
Энергетикалық шығындар	366,7 млн.тг
Амортизациялық бөліну	102,8 млн.тг
Қазудың өзіндік құны	1547,5 тг/т
Баланстық пайда	1039 млн.тг
Өндірістің рентабельділігі	38,90%

7.6 – кесте.

Амортизация бөлінулерінің есебі

Негізгі қорлардың атаулары	Жалпы сметалық құны,тг	Кеніш. Пайд. мерзімі,жыл	Амортизациялық бөлінулердің жалпы құны, тг
Тау-кен күрделі қазбалары	609165000	55	11075727
Ғимараттармен құрылыстар	833530000	55	15155090
Электромеханикалық қондырғылар	498820012		102820810
Барлығы	2137000000		129051628

7.7 – кесте.

Күрделі қаржының келтірілген сметасы

Шығындардың аталуы	Жалпы сметалық бағ,тг.
Тау кен күрделі жұмыстары	609165000
Ғимараттар мен құрылыстар	833530000
Қондырғыны монтаждау және алу	102820810
Үдірістердің аталуы	Матер. Жалпы құны,тг.
Бұрғылау болаты	9345000
Коронкалар	750000
Ж.З	91650000
О.Ш	9240000
Д.Ш	13125000
К.Р	4005000
Э.Д	6450000
Дизель жанармайы	51555000
Қосалқы бөлшек комплектісі	45000000
Қосынды	281150000
Есептелмеген материалдар 10%	28115000
Барлығы	206,17
Кеніш көлігі	2575871
1т. өзіндік құны	1,71
Көтеру	4818990
1т. өзіндік құны	3,1
Су төкпе	1054080
1т. өзіндік құны	0,7
Компрессорлық шаруашылық	2164039
1т. өзіндік құны	1,44
Желдету	300000
1т.өзіндік құны	0,2

Электрэнергия шығыны:

Екі свиталы тариф бойынша, жылдық энергия құны $\rho = 366779019$ тг/жыл.

Еңбектің энергиямен қарулануы 50,7 кВт/адам.

Тазартпалап алу 18122180тг.

Дайындау жұмыстары 2829573тг.

Транспорт	15762523тг.
Көтеру	94721638тг.
Желдету	52328356тг.
Компрессорлар	116877533тг.
Жарықтану	3343108тг.

7.8 – кесте.

Шақты үстіне қызмет көрсету

Үдірістердің аталуы	Өзіндік құнның элементтері			шығындардың қосындысы	1т-ға шаққандағы шығын,тг/т
	матер	энерг.	аморт.		
Тазартпалап алу	16241491 0	18122180	30532980	839589870	859
Транспорт	2575871	15762523	8792871	36208065	24,3
Көтеру	4818990	94721638	7584000	110348478	73,6
Желдету	300000	52348356	1395000	65085706	43,39
Жарықтандыру	1789820	3829573	289952	28720575	19,1
БҚ жөндеу	2477500	3343108	73869444	30766180	20,5
Жер бетінің қызметі	3697650	52339519	2953309	70212000	46,8
Тау-кен қазбаларын өту жұмыстары				60763800	10,6
10.8-кестенің жалғасы					
Көмекші цехтардың қызметі				197408690	131,6
Табиғатты қорғау				103079443	68,7
Жалпы кендік шығындар				37628172	25,1
Өндірістік емес шығындар				37628172	25,1
Салықтар				102000000	68
Барлығы				7321235000	1547,5

7.3 Кеніш жұмысының шаруашылық – есептік жұмыстары

Товар өнімінің құны

$$C = (A_{жыл} \cdot P \cdot U \cdot C) \cdot S + S_{np}, \quad (7.3)$$

Мұнда: P – кенді қазудағы құнарсыздануы;

U – концентраттан пайдалы компонентті алу;

S – концентраттағы 1т металдың құны.

$$C = (812916 \cdot 0,05 \cdot 0,8 \cdot 0,8) \cdot 70000 = 1820 \text{ млн. тг}$$

Баланстық пайда

$$\Pi=C-3, \quad (7.4)$$

$$\Pi=1820-1000=820 \text{ мин.}$$

Өндіріс рентабельдігі

$$P = \frac{H}{Q_T + Q_{\delta.e}} \cdot 100\%, \quad (7.5)$$

$$P = \frac{820}{1000 + 348.15} \cdot 100\% = 60.8\% .$$

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақбақай кенорны жерасты кен қазу технологиясының басты – басты үдерістері зерттеліп, талқыланып, есептеліп жобалық шешімдер өндіріске ұсынатындай дәрежеге жеткізілді. Жобада басты жұмыстардың ашу тәсілін таңдау, кенді көтеру, тасымалдау, қуатпен қамтамасыз ету мәселелерін терең қамтитын қазу жүйесі сарапталады да, оның кемшіліктері анықталған.

Қатпарлап қазу жүйесі мен, төмендеп қатпарлап толтырым қазу жүйелері ұсынылған. Олардың басты үдірістері ескеріліп, кеннің 1т. өзіндік құны анықталған.

Көмекші үдірістердің де барлық сан есебі шығарылып, оларды қазу технологиясына жұмылдыру жолдары қарастырылған. Экология, еңбекті қорғау мәселелері де шешім тапқан. Жобаның соңғы тақырыбында экономикалық көрсеткіштері анықталып, нәтижелері келтірілген.